



«Бекітемін»

№ 20 лицей-мектебінің директоры

*[Signature]*

Г.Т. Топанова

«02» қыркүйек 2019 жыл

**«Павлодар қаласының № 20 лицей-мектебі» ММ  
тамақтану сапасын бақылау бойынша комиссиясы туралы  
ЕРЕЖЕ**

**I. Жалпы ережелер**

1. Тамақтану сапасын бақылау бойынша комиссия балалардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша барлық бағыттарды басқаратын және үйлестіретін қоғамдық орган болып табылады.

2. Тамақтану сапасын бақылау бойынша комиссия жұмыс жоспарына сәйкес және қажеттілігіне қарай жиналады.

3. Әрбір оку жылына арналған комиссия құрамы 1 қыркүйекке дейін білім беру мекемесі басшысының бүйрығымен бекітіледі.

4. Комиссия құрамына әкімшілік мүшелері, әдістемелік құрылымдардың басшылары, мұғалімдер, оқытушылар, психолог, әлеуметтік педагог, ата-аналар қауымдастығының, кәсіподақ комитетінің өкілдері, білім беру мекемесінің немесе балалардың тамақтануын ұйымдастыратын кәсіпорынның асхана қызметкерлері енгізілуі мүмкін.

5. Комиссияға тікелей басшылықты директор немесе директордың (басшының) оку немесе тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.

**II. Кеңес жұмысының мақсаты мен міндеті**

1. Тамақтану сапасын бақылау бойынша комиссия жұмысының негізгі мақсаты – балалардың денсаулығын сақтаудың негізгі факторы ретінде толыққанды тамақтануын қамтамасыз ететін жағдай жасау.

2. Комиссия жұмысының практикалық міндеттері:

- санитарлық-гигиеналық нормалар мен тамақтануды ұйымдастыру ережелерін сақтау;
- балалардың дұрыс режимге және өз тамақтарының тенгерімділігіне деген мүқтаждығын тәрбиелеу;
- тамақтану мәдениетін қалыптастыру;
- оқушылардың тамақтануын ұйымдастырудың жаңа формаларын іздеу және оқушыларды ыстық тамақпен қамтуды арттыру;
- балалардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша проблемалық мәселелер, оларды жою бойынша шаралар қабылдау үшін білім беру мекемесінің басшысын уақытылы анықтау және ақпараттандыру.